

	КеАҚ «Астана Медицина Университеті»	ББ-АМУ-24
	<i>Білім беру бағдарламасы 6В10119 «Қоғамдық денсаулық»</i>	5 беттің 1беті

КеАҚ «Астана Медицина Университетінің»
Ғылыми кеңесінде
№5
2023 ж. 10 мамырдан

Академиялық кеңес
шешімімен
№6 хаттама, 24.05.2024ж.

Медицина
бекітілген
хаттама

**отырысының
жаңартылды**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В10119 «ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ»

Астана, 2024 жыл

	КеАҚ «Астана Медицина Университеті»	ББ-АМУ-24
	Білім беру бағдарламасы 6В10119 «Қоғамдық денсаулық»	5 беттің 2беті

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласы	Денсаулық сақтау
Дайындық бағыты	Қоғамдық денсаулық
Білім беру бағдарламалары тобы	В089
Білім беру бағдарламасы	«Қоғамдық денсаулық сақтау»
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті мамандарды даярлау, халықтың денсаулығын нығайту мақсатында практикалық және ғылыми жұмыстарда озық инновациялық ақпараттық технологияларды қолдану және дамыту.
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	6
Сала бойынша біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі	2.2 Қоғамдық денсаулық сақтау саласы (https://nrchd.kz/ru/2017-03-12-10-51-13/ork-i-profstandarty)
Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері	-
Берілетін академиялық дәреже	«Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры
Оқу мерзімі	қыркүйек 2023ж.–маусым 2028ж.(5 жыл);
Жоғары білім профилі	
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Халық денсаулығын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатты қамтамасыз ету, алдын алу жұмыстарын жүргізу сапасын жақсарту және практикалық және ғылыми қызметті ұйымдастыру саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
Бағдарламаның аккредитациясы мен сертификаттауы	Бар
Білім беру бағдарламасын меңгеруге ниет білдірген тұлғаларға қойылатын алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, орта медициналық білім негізінде.
Түлек квалификациялық сипаттамасы	
Маманның лауазымдар тізімі	Санитарно-эпидемиологиялық бақылау комитеттерінің маманы; Эпидемиолог; Денсаулық сақтау менеджері; Медициналық статистик; Әдіскер; Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс маманы; Санитарлық-гигиеналық зертхана маманы; Бактериологиялық және токсикологиялық зертханалардың қызметкері; Медициналық колледждің оқытушысы; Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметкер; Сарапшы қызметі және инжинирингтік қызметтер бойынша маман, осы қызмет түрін жүзеге асыру құқығымен: қала құрылысымен, жобалық және сметалық құжаттамамен

	КеАҚ «Астана Медицина Университеті»	ББ-АМУ-24
	Білім беру бағдарламасы 6В10119 «Қоғамдық денсаулық»	5 беттің 3беті
		сараптама жасау саласындағы маман.
Кәсіби қызмет саласы		Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, білім беру, ғылым, мемлекеттік басқару, мемлекеттік архитектура, тамақ өнеркәсібі, еңбек қорғау.
Кәсіби қызметтің функциялары		<ul style="list-style-type: none"> - басқару (әкімшілік ету); - денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды жоспарлау, мониторинг жүргізу және бағалау; - басқарушылық шешімдер қабылдау үшін зерттеулер жүргізу және талдау жасау; - алдын алу және денсаулықты сақтау; - денсаулық сақтау саласында есеп жүргізу, бақылау және реттеу; - оқыту; - ақпараттандыру.
Кәсіби қызмет түрлері		<ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастырушылық-басқарушылық; - ақпараттық-талдамалық; - есептік-статистикалық; - бақылау-регламенттік, соның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық аудит; - санитарлық-ағартушылық; - ғылыми-зерттеу; - педагогикалық.

	КеАҚ «Астана Медицина Университеті»	ББ-АМУ-24
	<i>Білім беру бағдарламасы 6В10119 «Қоғамдық денсаулық»</i>	5 беттің 4беті

1. Түлек құзыреттері және оқу нәтижелері

1.1 ОП құзыреттері

№	Құзыреттер	ОН	№ ОН
Жалпы құзыреттер			
1	Коммуникациялар	ОН 1	Қоғамдық денсаулық мәселелерін тиімді шешу үшін билік органдарымен, ұйымдармен, халықпен, қауымдастық мүшелерімен және бұқаралық ақпарат құралдарымен тиімді межсекторлық өзара іс-қимылды орнатады, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланады.
		ОН 2	Еңбек ұжымының жұмысын ұйымдастыру, адам ресурстарын басқару, мақсаттар қою және тапсырмаларды формулировка жасау, іс-әрекет приоритеттерін анықтау дағдыларына ие.
Кәсіби құзыреттер			
2	Үздіксіз кәсіби білім	ОН 3	Кәсіби қызметі бойы білім алуға қабілетті.
		ОН 4	Денсаулыққа қатысты білімдер мен практикалық дағдыларды жасауға және таратуға көмектесуге қабілетті. Критикалық ойлай біледі және ақпаратты тиімді ұсына алады: мәселелерді талдау мен шешуде және ғылыми негізделген шешімдер қабылдауда критикалық ойлау дағдыларын қолданады, жұмыс нәтижелері мен сапасын жақсарту үшін.
3	Нормативтік-құқықтық актілер және есептілік құжаттамасы	ОН 5	Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы нормативтік-құқықтық актілерін, санитарлық және табиғатты қорғау заңнамасын, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының қызметінің құқықтық негіздерін біледі және практикалық қызметте пайдаланады.
		ОН 6	Денсаулық сақтау ұйымдарында белгіленген есеп және есептілік құжаттамасын жүргізуге қабілетті.
4	Тұрғындардың өмір сүру ортасының сапасы мен денсаулық жағдайын мониторингтеу	ОН 7	Тұрғындардың өмір сүру ортасының сапасы, денсаулық жағдайы, санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты, денсаулық сақтау ұйымдарының қызмет көрсеткіштері туралы деректерді мониторингтеуге, талдауға және бағалауға, сондай-ақ көрсетілген медициналық көмектің қолжетімділігі, көлемі және сапасы туралы ақпаратқа баға беруге қабілетті.
5	Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтау жүйесі	ОН 8	Халық денсаулығын қорғау және насихаттау, жұқпалы, паразиттік және жұқпалы емес аурулардың алдын алу, олардың тиімділігін бағалау бойынша санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шараларды әзірлеу, ұйымдастыру және жүргізу дағдыларына ие.
		ОН 9	Қоршаған ортаның әртүрлі нысандарының сапа көрсеткіштерін зерттеуге, талдауға және бағалауға, сондай-ақ олардың қолайсыз әсерінің

		КеАҚ «Астана Медицина Университеті»		ББ-АМУ-24
		Білім беру бағдарламасы 6В10119 «Қоғамдық денсаулық»		5 беттің 5беті
			алдын алу жөнінде өз пікірлерін ұсынып, ұсыныстарды қалыптастыруға қабілетті.	
		ОН 10	Эпидемиологиялық жағдайды бағалауға, эпидемиялық өршулерді зерттеуге, эпидемиологиялық диагноз қоюға және жұқпалы аурулар ошақтарында дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстарын жүргізу бойынша нұсқаулар беруге, сондай-ақ халық арасында иммунопрофилактиканың тиімділігін бағалауға қабілетті.	
		ОН 11	Қазақстан Республикасының аумағына шетелден жұқпалы аурулардың әкеліну қаупін және (немесе) жұқпалы аурулардың пайда болу жағдайларын анықтай алады.	
6	Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау	ОН 12	Қоршаған орта, ауыз су, тамақ өнімдерінің жағдайын санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды, тіршілік ету нысандарын қадағалауды, сондай-ақ аса қауіпті инфекциялардың әкелінуі мен таралуынан шекараны қорғауды ұйымдастыруға қабілетті. Төтенше жағдайларды қоса алғанда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеуді жүзеге асырады.	
		ОН 13	Жұқпалы және паразиттік аурулар кезінде алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды жүзеге асыруға эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыра алады.	